

Еңбек сінірген жылдары үшін және жеңілдікті жағдайда зейнетақы тағайындауға құқық беретін мамандықтардың, лауазымдар мен жұмыс түрлерінің Тізбелері мен Тізімдерін бекіту туралы

### ***Күшін жойған***

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1997 жылғы 2 қыркүйектегі N 1316. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2005.08.03. N 809 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Еңбек сінірген жылдары үшін және жеңілдікті жағдайда зейнетақы тағайындауға құқық беретін мамандықтардың, лауазымдар мен жұмыс түрлерінің Тізбелері мен Тізімдері 1998 жылдың 1 қаңтарына дейін қолданылу мерзімімен 1-10 қосымшаларға сәйкес бекітілсін.

2. Мыналардың күші жойылған деп танылсын:

"Денсаулық сақтау, халыққа білім беру және әлеуметтік қамсыздандыру қызметкерлерінің кейбір санаттарына еңбек сінірген жылдары үшін зейнетақы алуға құқық беретін олар жұмыс істеген мекемелер, үйымдар және лауазымдар Тізбесін бекіту туралы" Қазақ ССР Министрлер Кабинетінің 1991 жылғы 26 қыркүйектегі N 555 қаулысы;

"Денсаулық сақтау, халыққа білім беру және әлеуметтік қамсыздандыру қызметкерлерінің кейбір санаттарына еңбек сінірген жылдары үшін зейнетақы алуға құқық беретін олар жұмыс істеген мекемелер, үйымдар және лауазымдар Тізбесіне толықтыру енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1993 жылғы 6 тамыздағы N 684 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 1993 ж., N 32, 369-құжат).

**Қазақстан Республикасының**

**Премьер-Министри**

**РҚАО-ның ескертуі: Қосымшаларды орысша мәтіннен қараңыз, ресми аудармасы жоқ.**